**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ**
**ЭКОНОМИКА, БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ**
**ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАСЫ ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ**
**№_1_ ХАТТАМАСЫ**

**Түркістан қаласы** **27.10.2022 жыл**

**Қатысқандар:** АК төрағасы - PhD Г.Момбекова, АК мүшесі, академиялық персонал – магистр, аға оқытушы А.Исаева, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – А.Юлдашев, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – А.Кенжалиев, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Г.Ахбердиева, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Нұридін Білімжан, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – А.Уалдинұлы және кафедра оқытушы профессорлар құрамы

**Күн тәртібі:**

1. АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелерімен танысу, 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу
2. Кадр даярлау нарығына талдау жүргізу
3. Университет түлектерінің моделін әзірлеу:
   -әдістемелік семинар, тренинг уйымдастыру;
   -түлектер моделин әзірлеуге қатысу
4. Қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

**Тыңдалды:**

**АК төрайымы Г.Момбекова** АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелерімен танысу, 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу, Кадр даярлау нарығына талдау жүргізу, Университет түлектерінің моделін әзірлеу, Қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесіне тоқталып өтті. Бүгінде еңбек нарығы мен қоғамның және де оқу процесіне қатысушылардың өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оқу бағдарламалары үнемі жаңартылып, толықтырылып отыратындығын айтып өтті. ББ жаңарту, жұмыс берушілердің ұсыныстары негізінде жыл сайын ББ элективті пәндерінің каталогы қайта қаралатындығын және жаңартылатындығын, оның негізінде оқу жоспарларына және жалпы ББ өзгерістер енгізілетіндігін айтып өтті.

**АК мүшесі, академиялық персонал, магистр аға оқытушы А.Исаева сөз кезегін алды:**
АК жұмысы ұйымдастырылып «Қызмет көрсету саласы» даярлау бағыты бойынша АК жұмыс және мәжіліс жоспары бекітілді, ережелермен таныстырылды. Айта кетсек Түркістан облысы Туризм басқармасы ММ басшысы Г.Ахбердиева, «Silk Way Harbor» ЖШС Караван Сарай Туристік кешенінің менеджері Нұридін Білімжан, «Түркістан Ахмет Ясауи» кәсіби колледжінің директоры А.Кенжалиев және «Rixos Turkestan» қонақ үйінің бас менеджері А.Юлдашевпен кездесіп кадр даярлау нарығына талдау жұмыстары жүргізілгендігін айтып өтті.

**Кафедра оқытушысы, доцент – Г.Тұрысбекова сөз алды:**
Бүгінгі таңда туризм саласында еңбек нарығының заманауи талаптарына жауап беретін мейрамханаларда қонақтарға қызмет көрсету, сонымен қатар қонақ үй мен мейрамханалық кәсіпорындардың қызметтік бөлімдерінің әрекетін тиімді ұйымдастыруға қабілетті, сапалы білімгерлерді дайындау дағдыларын қалыптастыру керектігін айтып өтті.

**Келесі АК мүшесі, магистр аға оқытушы А.Исаева сөз алды**: Гульжан Куралбаевнаның айтылған пікіріне қосыла отырып, келесі күн тәртібіндегі сұраққа көшті. Өз сөзінде оқу ордамыздың түлектер қауымдастығы бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқандығын, барлық буындағы түлектер арасындағы тұрақты байланыстарды орнату бойынша біршама іс-шаралар атқарылғандығын айтып өтті. Бүгінгі таңда бітірген түлектеріміздің бойындағы ерекшеліктеріне талдау жасап сайттарға қою мәселесімен айналысу жоспарымызда тұрғандығын айтып өтті.

**АК төрайымы Г.Момбекова:** Құрметті АК мүшелері алда жұмыстар өте тығыз және ауқымды жұмыстарды бірігіп жасасақ барлық жұмыстар шешімін табады деп сенемін.

**Шешім:** Қызмет көрсету саласы даярлау бағыты бойынша АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелерімен танысу, 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспары бойынша Қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

**Мәжіліс төрайымы:** **Г.Момбекова**

**Хатшысы:** **А.Мухамедияр**